

ӨНДІРІСТІК ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ №3

Мекеме: «Айкөркем» балабақшасы

Оқу жылы: 2022–2023

Күні: 18 мамыр 2023 ж.

Өтетін орны: Балабақша мәжіліс залы

Қатысқандар: Педагогтар мен қызметкерлер

Төрайым: А. Шарипова

Хатшы: Л.Бекиева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2022–2023 оқу жылының жылдық жоспарына жүргізілген сараптама.**
2. **Жазғы сауықтыру маусымына дайындық жұмыстары.**
3. **Балалардың жазғы қауіпсіздігі және профилактикалық шаралар.**
4. **Әртүрлі мәселелер.**

1-мәселе бойынша:

"2022–2023 оқу жылының жылдық жоспарына жүргізілген сараптама"

Тыңдалды: Әдіскер Бекиева.Л

Әдіскер оқу жылы ішінде атқарылған жұмыстарға талдау жасады:

- оқу қызметтері жаңартылған бағдарламаға сай жүйелі өткізілгені;
- тәрбиешілердің күнделікті және перспективалық жоспарлары уақытында және дұрыс жүргізілгені;
- балалардың танымдық, тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының айтарлықтай өскені;
- «Ата-ана – бала – тәрбиеші» үштік байланысының нығайғаны, ата-аналармен ақпараттық және практикалық жұмыстардың артуы;
- әдістемелік іс-шаралар (көрме, ашық көрсетілімдер) жоғары деңгейде ұйымдастырылғаны;
- жыл бойы өткізілген мерекелік, тәрбиелік іс-шаралардың сапалы өткендігі айтылды.

Жалпы сараптама нәтижесінде жылдық жоспар толық көлемде және тиімді орындалғаны атап өтілді.

Шешімі:

1. Жылдық жоспардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Келесі оқу жылында әдістемелік жұмысты инновациялық бағытта жетілдіру ұсынылсын.

2-мәселе бойынша:

"Жазғы сауықтыру маусымына дайындық жұмыстары"

Тыңдалды: Шаруашылық меңгерушісі Сисембаева А

Баяндамашы жазғы маусым алдындағы дайындық барысымен таныстырды:

- аула аумағында санитарлық тазалау жүргізілгені, қоқыс шығару, ағаштар мен бұталарды қалыпқа келтіру;
- құм салғыштарға жаңа құм толтырылғаны;
- балалар алаңдарындағы ағаш шағын архитектуралық формалар мен ойын

құралдары тексерілгені;

- желдету жүйелері, жазғы душ, су ыдыстары қайта қаралғаны;
- жазғы топтардың ішкі жай-күйін жақсарту мақсатында шағын жөндеу жұмыстары жүргізілгені;
- жазғы сауықтыру бағдарламасының жобасы дайындалғаны баяндалды.

Шешімі:

1. Барлық шаруашылық жұмыстардың мерзімінде аяқталуы қамтамасыз етілсін.
2. Әр топ жаз мезгіліне арналған жеке сауықтыру жоспарын бекітсін.
3. Балаларға арналған жазғы су режимі мен көлеңке аймақтарын қолдану талаптары қатаң сақталсын.

3-мәселе бойынша:

"Балалардың жазғы қауіпсіздігі және профилактикалық шаралар"

Тыңдалды: Медбике Кабакова Б.

Медбике жазғы қауіпсіздік ережелері бойынша ақпарат берді:

- күннің қызуы күшейген уақытта балаларды ашық күнде ұзақ ұстамау;
- дегидратацияның алдын алу үшін су беру тәртібін сақтау;
- жазғы маусымда жиі кездесетін жәндіктерден қорғау шаралары;
- аулада ойнау барысында жарақат алу қаупін азайту үшін ойын құралдарын дұрыс пайдалану ережелері;
- тағамның тез бұзылатын түрлерімен жұмыс кезіндегі санитарлық нормалар;
- ата-аналарға жазғы қауіпсіздік бойынша кеңес беру жұмыстары.

Шешімі:

1. Топтарда жазғы қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық бұрыштар жаңартылсын.
2. Педагогтарға жаз мезгіліне арналған қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізу.
3. Ата-аналарға «Жазғы қауіпсіздік» жадынамалары таратылсын.

4-мәселе бойынша: "Әртүрлі мәселелер"

Ұсыныстар қаралды:

- Жазғы ойыншықтар мен спорттық жабдықтарды түгендеу және жөндеу;
- Балалардың жазғы киімдерін сақтау бұрыштарын реттеу;
- Су ішуге арналған жеке бөтелкелерді жаңарту;
- Топтардағы желдету және тазалық режимін күшейту.

ҚАУЛЫ:

1. 2022–2023 оқу жылының жылдық жоспарына жасалған сараптама нәтижесі бекітілсін.
2. Жазғы сауықтыру маусымына дайындық жұмыстары уақытында және толық орындалсын.
3. Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігіне байланысты барлық профилактикалық шаралар күшейтілсін.
4. Жауапты мамандарға тапсырмалар жүктеліп, орындалу мерзімдері белгіленсін.

Төрайым: _____ *А. Шарипова*

